

Болашағыңа жарқын қадам жаса!

Құрметті талапкерлер мен ата-аналар!

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде 20 маусымнан бастап шығармашылық емтихандарға қабылдау басталды.

Өтінімдер 20 маусым – 7 шілде аралығында қабылданады.

Қабылдау шарттары мен қажетті құжаттар тізімі туралы толық ақпаратты білу үшін төмендегі телефон нөмірлеріне хабарласуға болады.

+7 (7112) 50-21-42 (жұмыс)

+7 (775) 987-47-27 (ұялы)

Мекенжайымыз: Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51



ЖӘҢГІР ХАН УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЗАМАНАУИ БАЗА, ТӘЖІРИБЕЛІ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА АШЫҚ ЖОЛ БАР!



Киік етінен – дәмді шұжық

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті жас ғалымдарының киік етінен шұжық дайындауға байланысты ғылыми жобасы басшылық тарапынан қолдау тауып отыр.

Жоба жетекшісі – жас ғалым, «Тағам қауіпсіздігі» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Аян Оразовтың айтуынша, киік етінен дайындалатын шұжық 30 пайыз құс етімен (үйрек пен қаз) араластырылады. – Ең басты мақсат – өнімнің тұтынушылық қасиетін анықтап алу. Алдымен біз киік етінің сапалық көрсеткіштерін зерттеп, содан кейін қауіпсіздік көрсеткіштерін, яғни микробиологиялық қауіпсіздігін, құрамында



қауіпті ішек таяқшасы, патогенді және шартты патогенді бактерияларының болмауын қатаң түрде бақыладық. Етті тағамдық мақсатта қолдануға жарамдылығы анықталғаннан кейін шұжыққа пайдаланылатын етті түрлі рецептуралармен дайындап көрдік.



Солардың ішінен қажеттісін тандап алдық, – деді Аян Жарылқасынұлы.

Бүгінде жас ғалымдар киік етінен шұжық дайындау технологиясын жетілдіріп, дайын өнімді тексеріске жіберіп, сапалық көрсеткішін анықтау үшін жұмыстануда. Терминалдық өндеудің дұрыстығын қадағалап, дайын өнімнің адам денсаулығына кері әсері болмауы – басты назарда.

Университет оқытушысы, магистр Айдана Бекбусинова шұжықтың рецептурасын құрастыру барысында қайсысы ыңғайлы, қайсысы ұтымды екені толық зерделенгенін жеткізді. – Тартылған етке тұз, бұрыш, сарымсақ секілді кәнігі дәмдеуіштер қосылады. Зерттеу барысында киік етінің сөлі көп болатыны байқалды. Дайын өнім тоңазытқышта екі аптаға дейін сақталады, – дейді жас ғалым. Ғылыми жұмыс жаңадан басталып жатқандықтан, ғалымдар дайын өнімнің сақталу шарттарын әлі де зерттеп көреді.

Шұжыққа қолданылатын шикізаттың барлығы да – табиғи өнімдер. Зертханаға киік ұшасы Жәңгір хан университетіне қарасты «Ақбөкен» тәлімбағынан әкелінеді. Бір киіктен 13-15 келі көлемінде ет алынады. Үйрек пен қаз білім ордасының оқу-ғылыми-



өндірістік орталығында өсіріледі. Ал оларды зерттеу жұмыстары университеттің сынау орталығындағы зертханаларда жүргізіледі.

Жас ғалымдардың бұл бастамасына университет басшылығы қолдау білдіріп отыр. Қазіргі уақытта өнімнің

артықшылығы, жаңашылдығы туралы шетелдік басылымдарға ғылыми мақала жариялап, отандық ғылымды танытуға ден қойылуда. Жас ғалымдар барлық сұраныс қанағаттандырылса, өнімге өнертабыс патентін алып, нарыққа шығуды көздеп отыр.



Жаңашылдық пен жетістіктің жемісі

Жәңгір хан университетінде өткен кезекті ғылыми кеңесте жоғары білім және ғылым саласына өз үлестерін қосып жүрген бір топ оқытушы лайықты ғылыми атақтарға ие болды.

Ғалым-ұстаздарға ғылыми атақтары туралы құжаттарын басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары Өтеген Таубаев табыстады. Атап айтқанда, «Гидротехника және мелиорация» ғылыми-білім беру орталығының жетекшісі, т.ғ.к. Марат Оңаев пен «Ғылым басқармасының» басшысы-сынау орталығының директоры, б.ғ.д. Индира Бейшова профессор атанды.

Сонымен қатар «Халықаралық ынтымақтастық» бөлімінің жетекшісі, э.ғ.к. Замзагүл Сұлтанова, «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығының жетекшісі, философия докторы (PhD) Бекжасар Сидихов, «Ветеринария және аг-



ротехнология» институты директорының орынбасары, философия докторы (PhD) Илана Абилова, осы институттың доцент м.а., философия докторлары (PhD)

Нұргүл Монтаева мен Асхат Бекқалиев және Зәмзәгүл Амангелдіқызы, «Ғылым басқармасының» эксперт-талдаушысы, а/ш.ғ.к. Әлия Ахметалиева, «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының доцент м.а., философия докторы (PhD) Салтанат Есенғалиева «қауымдастырылған профессор» ғылыми атақтарына ие болды.

Ғылыми кеңесте Fulbright бағдарламасының қатысушысы, АҚШ азаматы, ағылшын тілі оқытушысы Джошуа Боуэн алғыс хатпен марапатталса, Египет Араб Республикасындағы Kafrelsheikh университетінің профессоры, доктор Farahat Saad Elsayed Ibrahim Moghanm-ға (ғылыми жетекшісі – а/ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.Рахимғалиева) постдокторантуралық ғылыми тағылымдамадан өткені туралы сертификат табысталды. Бұлардан бөлек Қазақстандағы АҚШ-тың уақытша сенімді



өкілі Дебби Робинсонға аталмыш маңызды білім беру бастамасын қолдағаны үшін университет басшылығы атынан алғыс хат жолданды.

Халықаралық ғылыми ынтымақтастық

Жәңгір хан университетіне 20-21 маусым күндері Венгриядан әлемдік Голштин ассоциациясының жетекші ғалымы Tamas Sebok арнайы сапармен келді.

Сапар аясында университет ғалымдары венгриялық ғалыммен бірге BR22886157 «Селекциялық-технологиялық және молекулалық-генетикалық әдістер арқылы сүтті мал шаруашылығының генетикалық ресурстарын басқару, сақтау және ұтымды пайдалану» бағдарламасы аясында «AMANAT» шаруа қожалығында болып, мал шаруашылығын дамыту саласындағы тәжірибесімен танысты.

Кездесу барысында үш тарап

– университет ғалымдары, шаруа қожалығы өкілдері және шетелдік жетекші ғалым Tamas Sebok мал шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды голштин ірі қарасының генетикалық және селекциялық қасиеттерін жетілдіру мәселелері бойынша ғылыми пікір алмасу жүргізді. Tamas Sebok Венгриядағы қазіргі таңдағы селекциялық әдістер мен генетикалық зерттеулердің нәтижелерін ұсынды.

Бұл кездесу үш тарап үшін де маңызды ғылыми ынтымақтастықтың әрі қарай нығаюына ықпал етіп, мал шаруашылығындағы селекциялық процестер мен асыл тұқымдық жұмыстардың тиімділігін арттыру бағытында жаңа мүмкіндіктер туғызды.



Павлодарда өткен курс

Жәңгір хан университеті 23-25 маусым аралығында Павлодар облысына қарасты Павлодар ауданы аумағында орналасқан «Agro-Trade PV» ЖШС-да ЕАЭО елдерінен келген бонитер-классификаторлар үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізді.



Аталмыш курсты университет ғалымдары ірі қара малдың сүт және аралас тұқымдарының «QAZAQSUT» республикалық палатасымен бірлесіп ұйымдастырды. Бұл іс-шара BR22886157 «Селекциялық-технологиялық және молекулалық-генетикалық әдістер арқылы сүтті мал шаруашылығының генетикалық ресурстарын басқару, сақтау және ұтымды пайдалану» бағдарламасы аясында ірі қара малдың экстерьерлік белгілерін желілік бағалау бойынша халықаралық жетекші сарапшы Тамаш Шебоктың (Венгрия) қатысуымен өтті.

Курс бағдарламасы асыл тұқымды ірі қара малдың экстерьерін бағалау саласындағы мамандардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге, сондай-ақ ICAR және Interbull халықаралық стандарттарына сәйкес бағалаудың дәлдігі мен бірізділігін арттыруға бағытталған. Оқыту барысында теориялық дәрістер, малға жүргізілген тәжірибелік көрсетілімдер мен ЕАЭО елдерінің мамандары арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылды. Курс соңында қатысушыларға белгіленген үлгідегі біліктілікті арттыру сертификаттары табысталды.

Студенттер ерлік көрсетті

Жәңгір хан университетінің студенттері, әрі «Әскери кафедраның» білім алушылары Есжан Сүлейманов пен Нұрислам Тәңірберген бір адамның өміріне араша түсіп, ерлікпен парпар іс жасады.

Оқиғаны нақтыласақ, 25 маусым күні кешкі сағат 22.00-ге жақын уақытта Жәңгір хан-59 мекенжайындағы пәтерлердің бірінен өрт шығады. Осы көпқабатты үйде тұратын Есжан мен Нұрислам ашық терезеден көрші пәтерлердің бірінен қою түтін шығып жатқанын байқайды. Олар дереу көмекке ұмтылып, жиналып қалған тұрғындарға жедел жәрдем, өрт сөндіру және полиция қызметін шақыруды өтінеді. Сонымен бірге өрт шыққан пәтердің басқа да көршілерінің есігін қағып, тезірек далаға шығу қажеттігін ескертеді.

Екі студенттің жанына 26-28 жас шамасындағы Дәурен есімді азамат қосылады. Бесінші қабаттағы өрт шыққан пәтердің есігі ашық болғандықтан, ішке жанұшыра кірген жігіттер қою қара түтінге тап болып, керме төбенің опырылып түскенін байқайды. Өрттің қай жерден шыққанын бағдарлап үлгерген Есжан электр сымдары тұйықталып қалған шығар деген күдікпен Нұрисламға пәтердің электр жарығын айыруды өтінеді. Көзге ештеңе көрінбейтін түтіннің арасына кіру мүмкін болмады. Соған қарамастан ауыз-мұрындарын жапқан күйі бөлмелерді тексеруге



кіріседі. Әйел адамның даусы шыққан бөлмеге бет алған Нұрислам мен Дәурен 55-60 жасты алқымдаған азаматшаны тауып алып, сыртқа алып шығады. Әйел есін жоғалтпағанмен, есеңгіреген күйде болған. Осы кезде оқиға орнына өрт сөндірушілер, полиция қызметкерлері мен жедел жәрдем мамандары да жетеді.

Бір қуантарлығы, уақытында көрсетілген көмек пен студент-жастардың батылдығының нәтижесінде ешкім зардап шекпеген. Есжан Сулейманов – Ветеринария және агротехнология институтының 4-курс студенті болса, Нұрислам Тәңірберген Политехникалық институттың 3-курсында оқиды екен. Ержүрек жастарға осындай тәлім-тәрбие берген ата-аналары мен ұстаздарының да енбегі ерен.



Мүмкіндігі мол бағдарлама

Жәңгір хан университетінің Индустриалды-технологиялық институтында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында студенттерге шетелдік және отандық жоғары оқу орындарында білім алуға мол мүмкіндік берілуде.

Мен бұл бағытта 2023-2024 оқу жылынан бастап жауапты маман ретінде жұмыс істеп келемін. Жалпы академиялық ұтқырлық бағдарламасының басты мақсаты – студенттердің кәсіби, мәдени және тілдік деңгейін арттыру, сондай-ақ халықаралық әріптестікті нығайту болып табылады. Осы уақыт аралығында институтымыз бірқатар нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Сыртқы академиялық ұтқырлық шеңберінде студенттеріміз халықаралық білім беру кеңістігінде өз білімдерін жетілдіріп, жаңа тәжірибе жинақтауда. 2023-2024 оқу жылында алты студентіміз Польшаның Лодзь техникалық университетінде бір семестр бойы білім алды. Ал 2024-2025 оқу жылында бұл көрсеткіш артып, тоғыз студент пен екі магистрант Польша мен Венгрияның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарына оқуға жіберілді.

Жыл сайын академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында университетімізге республикалық бюджет есебінен арнайы гранттар бөлінеді. Бұл – студенттердің жолақысы, оқу акысы және тұру шығындарын өтеуге мүмкіндік беретін маңызды қолдау. Осындай қолдаудың арқасында көптеген жастар шетелде білім алуға қол жеткізіп отыр.



Айталық, біздің институтымыздан Айхан Уразалин, Дәулет Мендешов республикалық грант иегері атанды. Бұл студенттер алдағы оқу жылының бірінші жартысында Венгрия ауылшаруашылығы және жаратылыстану ғылымдары университеті мен Польшадағы Лодзь техникалық университетінде білімдерін жетілдіреді.

Білімге ынтасы ерекше,

белсенділігімен танылған студенттердің қатарында Дарья Байтымова, Асан Пшенбаев, Мәлік Ермұханов, Айжан Жасқайрат және Мәдина Құлымжанды атап өтуге болады. Олар тек оқу үдерісіне ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік ортаға да белсене араласып, еліміздің атын шетелде абыроймен танытты.

Білім беру кеңістігінде ішкі

академиялық ұтқырлық та назардан тыс қалған жоқ. Индустриалды-технологиялық институтынан үш студент Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында бір семестр бойы оқып, өз салалары бойынша білім көкжиектерін кеңейтті. Бұл олардың кәсіби бағыт-бағдарын тереңірек түсінуіне мүмкіндік берді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы студент-жастардың ағылшын тілін меңгеру деңгейінің жоғары екенін, сондай-ақ олардың халықаралық және ішкі білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті екенін көрсетеді. Жылдан-жылға студенттердің бұл бағдарламаға деген қызығушылығы артып келеді, бұл өз кезегінде бағдарламаның тиімділігі мен маңыздылығын айғақтайды.

Алдағы уақытта Индустриалды-технологиялық институты академиялық ұтқырлық желісін одан әрі дамыту бағытында жаңа серіктестік келісімдер орнатып, студенттердің халықаралық деңгейде білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуді жоспарлап отыр. Бұл бастама институтымыздың стратегиялық даму бағытына сай жүзеге асырылуда.

Жалпы айтқанда, академиялық ұтқырлық – студенттің кәсіби білімінен бөлек жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, түрлі мәдениеттермен танысуына және заманауи талаптарға бейімделуіне зор үлес қосатын маңызды бағдарлама.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИЕВА,
оқытушы, магистр,
академиялық ұтқырлық
эдвайзері

МАУСЫМ ТЫНЫСЫ

ЖАҢА МЕМОРАНДУМ

Жәңгір хан университеті БҚО білім басқармасы жанындағы облыстық әдістемелік психологиялық қолдау орталығымен ынтымақтастық пен серіктестік туралы меморандумға қол қойды.

Осы мақсаттағы жиынға университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов, БҚО әкімдігі ББ «Облыстық әдістемелік психологиялық қолдау орталығы» КММ директоры Ләззат Сайкомқызы мен маман Айдана Сайлаубекқызы және психологтар, институт директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары қатысты. Шараның негізгі мақсаты – өзара серіктестікке бағытталған жұмыстардың бағыт-бағдарын айқындау.

АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Жәңгір хан университетіндегі «Әскери кафедрада» запастағы сержант шені бойынша бір жыл білім алған студенттер маусым айында әскери ант қабылдады.

Салтанатты шараға университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Ұзақбайұлы, әскери кафедра ардагерлері және ата-аналар қатысты. Төрт мамандық бойынша запастағы офицерлер мен запастағы сержанттарды даярлайтын кафедраның 200 білім алушысы әскери ант қабылдап, елге адал қызмет етуге серт берді. Салтанатты шара барысында «Әскери кафедра» студенті Мадияр Сарбаев адамдардың өмірін құтқаруға қолұшын созып, азаматтық парызына адалдық танытқаны үшін БҚО Полиция департаменті бастығының алғыс хатымен марапатталды.

ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ АТАНДЫ

Жәңгір хан университетінде маусым айында өткен кезекті ғылыми кеңесте басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов қос бірдей жас ғалымға философия докторы (PhD) дипломдарын табыстады.

Атап айтқанда, ғылым жолында талмай еңбектенген «Ветеринария және агротехнология» институтының аға оқытушысы, магистр Жеңіс Кушмуханов (6D120200 Ветеринариялық санитария) пен Студенттер контингентін қалыптастыру орталығының директоры Асхат Жұмабаев (8D09102 Ветеринариялық санитария) философия докторы (PhD) атанды.

СПОРТ

Алтын жүлде жеңіп алды



Политехникалық институттың 4-курс студенті Айсұлу Сәрсенова Қазақстан Республикасы чемпионатында жеңіске жетті.

Ел чемпионатында 23 жасқа дейінгі жастар арасында қазақ күресінен сынға түскен Айсұлу +77 келі салмақ дәрежесінде бірінші орынды жеңіп алды. Жарыс 1-5 маусым күндері Қостанай қаласында өтті.

Күміс пен қоланы қанағат тұтты

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасындағы XIII жазғы универсиадаға Жәңгір хан университетінен 60-тан астам студент қатысты.



Студенттер жарысында БҚАТУ-дың намысын қорғаған білім алушылар спорттың волейбол, футбол, еркін күрес, қазақ күресі, үстел теннисі, бокс, баскетбол, тоғызқұмалақ сынды бірнеше түрінен сайысқа түсті. Бәсекелі додада спортшыларымыз университет қоржынын күміс және алтын жүлделермен толықтырды:

Имран Дінішев – III орын, бокс (Экономика, ақпараттық



технологиялар және кәсіби білім беру институты), жетекшісі – Айдос Есетов.

Болат Ниетқалиев – III орын, үстел теннисі (Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институты), жетекшісі – Бейбарыс Жұмағалиев.

Бекжан Ғалымжан – II орын, қазақ күресі (Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институты)



Айсұлу Сәрсенова II орын, қазақ күресі (Политехникалық институт)

Санжар Джамбулов III орын қазақ күресі (Индустриалды-технологиялық институты), жетекшілері – Бауыржан Уразмбетов.

Еске сала кетсек, студенттер универсиадасы биыл руханият пен тарихтың алтын бесігіне айналған қасиетті Түркістан қаласында өтті.

**Редакцияның
мекенжайы:**
090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkstu@mail.ru